

МЕМЛЕКЕТТІК ӨЗІН-ӨЗІ АТТЕСТАТТАУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

ЖШС «Жаңаөзен политехникалық колледжі»

(білім беру ұйымының атауы)

Жаңаөзен қаласы

(қорытынды жасалған жер)

«01» желтоқсан 2022 жыл,

сағат 17:00

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес ҚР «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» бұйрығын (бұдан әрі - Бағалау критерийлері) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен (бұдан әрі - Департамент) 2023 жылдың I жартыжылдығында мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізімі негізінде 2022 жылғы 01 қараша—30 қараша аралығында «Жаңаөзен политехникалық колледжі» мекемесіне (бұдан әрі – Колледж) өзін-өзі аттестаттау жүргізілді.

Жаңаөзен политехникалық колледжінің педагогикалық шешімімен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда өткізілді:

Жұмысшы тобының құрамы:

Аттестаттау комиссия төрағасы:

Колледж басшысының м.а

Буркутова Ж.Ж

Жұмыс тобы жетекшісінің

орынбасары:

Басшының оқу-өндірістік жөніндегі

орынбасары

Таджибаева Г.К

Жұмысшы тобының мүшелері:

Басшының оқу әдістемелік ісі

жөніндегі орынбасары

Якубова Даметкен

Курмангалиевна

Басшының оқу тәрбие ісі жөніндегі

орынбасары

Алдабергенова Гулзира

Оразалиевна

Басшының ақпараттық ісі жөніндегі

орынбасары

Алдабергенова Гулшат

Куанышбековна зы

Жалпы білім беретін пәндер

бірлестігінің жетекшісі

Серікбаева Рахат Айдарбаевна

Арнайы техникалық пәндер

бірлестігінің жетекшісі

Абдреймова Жадыра Картбайқы

Әлеуметтік экономикалық пәндер

бірлестігінің жетекшісі

Эбиева Сагира Исенбаевна

Комиссиямен бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді. «Жаңаөзен политехникалық колледжі» мекемесінің өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

«Жаңаөзен политехникалық колледжі» мекемесі
(білім беру ұйымының толық атауы)

Қосымша №1.

Колледжде дайындалатын мамандықтар

№	Мамандығы	Бейіні	Біліктілігі	Оқыту мерзімі
2020-2021 оқу жылы қабылданған мамандықтар және біліктіліктері				
1	1211000 – «Тігін өндірісі және киімді үлгілеу»	1211 Тоқыма (киім, аяқ-киім және былғары бұйымдар	121107 2- модельер-пішуші	10 ай
			121108 3 – Модельер-конструктор	9 сынып. – 3 жыл 10 ай
2	1201000 –Автомобиль көлігі техникалық қызмет көрсету және жөндеу және пайдалану	1201 Автокөлік құралдары, теңіз және әуе кемелері	1201123 - Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик	9 сынып. – 2 жыл 10 ай, 11сынып-10ай
			1201123 – Техник-механик	9 сынып. – 3 жыл 10 ай
3	0508000- Тамақтандыру және ұйымдастыру	0508 Қонақ үй қызметі, мейрамханалар және тамақтану саласы	0508012- Аспазшы.	9 сынып. – 2 жыл 10 ай
4	0501000-Әлеуметтік жұмыс	0501 Әлеуметтік жұмыс және кеңес беру	0501013- Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман	9 сынып. – 2 жыл 10 ай
5	1418000 –Сәулет өнері	1418 Сәулет және қала құрылысы	141802 3- Жобалаушы -техник	9 сынып. – 3 жыл 10 ай
6	1114000-Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)*	1114 Механика және металл өңдеу	111404 2- электргазымен дәнекерлеуші	9 сынып. – 2 жыл 10 ай

7	0506000-Шаштараз өнері және сәндік косметика	0506 Шаштараз және косметологиялық қызметтер	050601 2-шаштараз-модельер	11 сынып-10 ай
2021-2022 оқу жылы қабылданған мамандықтар және біліктіліктер				
1	09230100-Әлеуметтік жұмыс	0923 Әлеуметтік жұмыс және кеңес беру	4S09230102-Әлеуметтік қызметкер	9 класс. – 3 жыл 10 мес.
2	07161300-Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	0716 Автокөлік құралдары, теңіз және әуе кемелері	4S07161304-Техник-механик	9 сынып-3ж10ай
3	07161300-Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	0716 Автокөлік құралдары, теңіз және әуе кемелері	3W07161302- Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик	9 сынып 2 жыл 10 ай, 11 сынып-10 ай
4	10130300-Тамақтандыруды ұйымдастыру	1013 Қонақ үй қызметі, мейрамханалар және тамақтану саласы	3W10130302-Аспазшы	11 сынып. – 2 жыл 10 ай
5	07230100-Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	0723 Тоқыма (киім, аяқ-киім және былғары бұйымдар)	4S07230102-Модельер-конструктор	9 сынып-3ж10ай
6	07150500-Дәнекерлеу ісі	0715 Механика және металл өңдеу	3W07150501 –Электргазымен дәнекерлеуші	11 сынып. – 10 ай
7	07140100- Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару	0714 Электроника және автоматтандыру	4S07140102-электромеханик	9 сынып. – 3 жыл 10 ай

2022-2023 оқу жылы қабылданған мамандықтар және біліктіліктері

1	01120100 - Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	0112 Мектепке дейінгі мекемелерге тәрбиешілерді даярлау	4S01120102 - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі	11 сынып. – 1 жыл 10 ай
2	01140100 - Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі	0114 Пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	4S01140101 - Бастауыш білім беру мұғалімі	11 сынып – 1 жыл 10 ай
3	09230100-Әлеуметтік жұмыс	0923 Әлеуметтік жұмыс және кеңес беру	4S09230102-Әлеуметтік қызметкер	9 класс. – 3 жыл 10 ай
4	10130300-Тамақтандыруды ұйымдастыру	1013 Қонақ үй қызметі, мейрамханалар және тамақтану саласы	3W10130302-Аспазшы	11 сынып. – 10 ай
			3W10130301-Кондитер-безендіруші	
5	04110100-Есеп және аудит	0411 Бухгалтерлік іс және салық салу	4 S 04110102- Бухгалтер	11 сынып-1жыл 10ай
6	07150500-Дәнекерлеу ісі	0715 Механика және металл өңдеу	3W07150501 –Электргазымен дәнекерлеуші	11 сынып. – 10 ай
7	07161300-Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	0716 Автокөлік құралдары, теңіз және әуе кемелері	4S07161304-Техник-механик	9 сынып-3ж10ай
8	07230100-Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	0723 Тоқыма (киім, аяқ-киім және былғары бұйымдар)	4S07230102-Модельер-конструктор	9 сынып-3ж10ай
9	06130100-Бағдарламалық қамтамасыз ету	0613 Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және талдау	4S06130105-Ақпараттық жүйелер технигі	9 сынып-3ж10ай

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет.	
1)	Білім беру ұйымының толық атауы: Жауапкершілігі шектеулі серіктестік «Жаңаөзен политехникалық колледжі»
2)	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы): Маңғыстау облысы. Жаңаөзен қаласы. Рахат ауылы, Ақсу шағынауданы, Б.Турниязұлы -76А
3)	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт): 87293493343, jpkta@mail.ru , www.jpstk.edu.kz https://www.facebook.com/profile.php?id=100030468664374 , https://www.instagram.com/politeh.kolledzh/
4)	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі): Болатбаева Тлектес Аманкосовна Жаңаөзен политехникалық колледжінің басшысы. Тел. 87014633309,
5)	Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі): Маңғыстау облысы Әділет басқармасының заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы 04.12.2017 жылғы БИН 050140001852 куәлік және жарғысы бар
6)	Рұқсат беру құжаттары (14.10.2014 жылғы білім беру қызметімен айналысуға №0032326 мемлекеттік лицензиясы және оған қосымшалары бар.
2. Кадр ресурстарына талдау:	
<p>Білім беру ұйымдарында педагогтармен қамтылуы. тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар оқытушылар немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткенін растайтын құжат, оның ішінде негізгі білімі жоқ педагогтар туралы мәліметтері</p> <p>Жаңаөзен политехникалық колледжі қызметкерлерінің жалпы саны 2022 жылдың 1 қыркүйегіне 79 адамды құрады. Оның ішінде әкімшілік-басқару персоналының саны 12 адамды құрайды: басшы, басшының орынбасарлары (6 бірлік), бөлім меңгерушілері (3 бірлік), бас бухгалтер (1ед.), кадр бөлімінің меңгерушісі (1ед.), кітапхана меңгерушісі (1ед.), бұл АБП жалпы санына, штаттық кестеге сәйкес келеді және қызметкерлердің жалпы санының 15% құрайды.</p> <p>Әкімшілік-басқару құрамының барлық мүшелерінің арнайы базалық педагогикалық және кәсіптік білімі бар. Жоғары білімі бар қызметкерлердің үлесі – 50 педагог, орта техникалық және кәсіптік білімі бар-10.</p> <p>2022-2023 оқу жылында инженерлік-оқытушылар құрамының жалпы санынан штаттық педагогтар, өндірістік оқыту шеберлері мен АБП мүшелерінің саны-52 адам, бұл 86% құрайды.</p> <p>Өндірістік оқытудың штаттық шеберлерінің үлесі саны-15 адам, бұл 25% құрайды.</p>	

Колледж басшысының аттестаттаудан өту мерзімі 2023 жылға жоспарланған. Колледж басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасарына біліктілік бағалау және портфолио негізінде қызмет қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау негізінде 2020 жылы үшінші санат берілді.

Колледжде педагог қызметкерлерді аттестаттаудан өткізудің тәртібі, шарттары мен кезеңділігі қызметкерлердің атқаратын лауазымына сәйкестігін анықтау, кәсіптік, іскерлік қасиеттерін айқындау, сондай-ақ педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру, кәсіптік даярлау және қайта даярлау қажеттілігін айқындау мақсатында педагог қызметкерлерді және оларға теңестірілген адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына сәйкес жүзеге асырылады. Педагогтардың жалпы санынан жоғары (5), бірінші (5) санаты, магистр (8), академиялық дәрежесі бар кандидаттардың (1), педагог-зерттеуші (1) педагог-сарапшы (4), үлесі тиісінше 28 адамды, 46% -құрады.

Өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында колледж педагогтары біліктілікті арттыру курстарынан өтеді. Колледждің педагогтары білім беру ұйымдарынан тыс біліктілікті арттырады: магистратурада, «Талар» КЕАҚ; халықаралық, республикалық, облыстық семинарларда, колледждердің облыстық әдістемелік бірлестіктермен өткізілетін семинарларда және басқараларға қатысады. Педагогтар біліктілікті арттыру курсынан кейін әдістемелік кеңестің отырыстарында сөз сөйлеп, шығармашылық есеппен және курс материалдарымен бөліседі.

2022-23 оқу жылына педагогтардың жалпы санынан білікті арттырған 39, 64% -құрады, сонымен қатар жетекші кадрлар жалпы санынан 7, 100% - құрайды.

Өндірісте тағылымдамадан өткен арнайы пәндер педагогтары мен өндірістік оқыту шеберлері 45, 74% -құрайды.

Қорытынды: Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 03.06.2020 № 346; Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473; Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларын, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды бекіту туралы ҚР Үкіметінің 02.10.2020 № 636; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 12.11.2021 № 561 бұйрығына сәйкес

<p>3. Білім алушылар контингентінің сандық құрамы- 691 . Күндізгі, ақылы бөлім-657 (мемлекеттік бюджеттен- 548, ақылы -109), сырттай бөлімде-34 студент. - білім алушылардың контингенті, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар -3 студент білім алуда. - оқудың толық кезеңін қамтитын дайындалып жатқан мамандықтың біліктілігіне сәйкес тәжірибе базасы ретінде анықталған келісім-шарттардың болуы туралы ақпарат Талдау нәтижесі: Колледж мамандықтары мен біліктіліктер бойынша жұмыс оқу жоспарының оқу үдерісінің кестесіне сәйкес өндірістік оқыту базалық оқу шеберханаларында өткізілген. Кәсіптік практиканы ұйымдастыру қағидаларына сәйкес келісімшарттар бойынша әлеуметтік серіктес базаларында ұйымдастырылған. Серіктестік мекемелер: ЖШС Сәулебай Жұлдыз Қосқалиқызы , «Goffee Mall» кофейниясы мекемесі, МКК «Өзенжылу» , ЖШС «KMG EP-Catering» , ЖШС «Өзен Жөндеу Сервис», Жаңаөзен қалалық халыққа қызмет көрсету бөлімі Батыс «ҚТЖ Жүк тасымалы»ЖШС филиалы «Маңғыстау қосалқы бөлімі» , ЖШС «Рахат Бастауыш мектебі», АО «Өзенмунайгаз, «Ателье Талым», Маңғыстау облысы кәсіпкерлер Палатасының Жаңаөзен қалалық филиалы арасында оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері үшін тағылымдамаларды ұйымдастыру және біліктілікті арттыру курстарын өткізу бойынша шарттар жасалды. білім беру ұйымы түлектерінің мамандығы бойынша жұмысқа орналасуы және жұмысқа орналасуы туралы мәліметтер, бұл ретте оқуды аяқтаған жылы мамандық бойынша бітірушілердің жалпы санынан жұмысқа орналасқан және жұмысқа орналастырылғандардың үлесі көрсетіледі. 2020-2021 оқу жылында -222 түлек бітірді. Жұмысқа орналасқаны -168, ЖОО оқитындар-10, әскер қатарына кеткендер-23, бала күтімінде-29, жұмыссыз-54. Пайызы-78% Қорытынды: ҚР Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №604 бұйрығы бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің жалпыға міндетті стандартының 2 тарау 8 тармағына және кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылығы 29 қаңтардағы №107 бұйрығына сәйкес</p>	
<p>4. Оқу әдістемелік жұмыстар:</p>	
<p>Оқыту нәтижелеріне бағдарланған білім мазмұнының критерийлері:</p>	
<p>1)</p>	<p>Білім беру мен оқытудың нәтижелеріне бағдарланған мазмұн критерийлері Талдау нәтижесі: Жаңаөзен политехникалық колледжінің Колледждің соңғы үш жылдық жұмыс жоспары берілген. Жоспарда білім алушылардың кәсіби бағдарлау жұмысы, теориялық және өндірістік оқыту, зертханалық-практикалық сабақтары, аралық және қорытынды аттестаттау, курстық және дипломдық жұмыстары, еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін оқыту жүйелерін</p>

дамыту қамтылған.

Білім беру ұйымының жылдық жоспары техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің міндеттеріне сәйкес Білім беру ұйымының жұмыс оқу бағдарламасы мамандықтар пәндері және оқу тәжірибелері бойынша берілген. Жұмыс бағдарламалары пәндік бірлестікте қаралып, оқу орнының басшысымен бекітілген. Жұмыс бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы №553 бұйрығымен және 2015 жылғы 15 маусымдағы №384 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жасақталған. WorldSkills (Ворлдскилс) кәсіптік стандарты барлық мамандық бойынша талаптарының негізінде әзірленген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 15.09.2021 № 469 бұйрығымен бекітілген базалық және кәсіптік модульдерді басшылыққа алып, жұмыс берушілермен және «Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы» КММ-мен келісе отырып, дайындалды және колледж директормен бекітілді. *(көшірмесі тіркелді)*

Қорытынды: Оқу жоспарлары Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сай. 2020-2021, 2021-2022 оқу жылында ҚР Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №604 бұйрығы және 2022-2023 оқу жылында 03.08.2022 жылғы №348 бұйрығы бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің жалпыға міндетті стандартына сәйкес келеді..

ҚБПҚ құрылымы "орта, техникалық ұйымдардың педагогтерінің жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес жасалды

Оқу бағдарламалары мен жоспарлары негізінде білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру, яғни теориялық және практикалық сабақ кестелері ұсынылған. оқу жоспары, оқу процесінің кестесі, сабақтардың кестесі талапқа сай жасақталған. Әлеуметтік серіктес мекемелермен үш жақты келісілген

Жұмыстық оқу жоспарын жасақтау барысында базалық және кәсіптік модульдерді мағынасына және қарапайымнан күрделі қарай тереңдетіліп, курстар мен семестрлерге бөлінді.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізуге арналған оқу уақытының көлемі 2 аптадан аспайды.

Колледжде білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу процесі теориялық сабақтарды, сондай-ақ оқу-өндірістік шеберханаларда, оқу шаруашылықтарында, оқу полигондарында, кәсіпорындар (ұйымдар) базасында өтетін өндірістік оқуды, кәсіби практиканы қамтиды.

Оқу практикасы оқу-өндірістік шеберханаларда, зертханаларда, оқу полигондарында және өндірісте өткізіледі.

Кәсіптік практика кәсіпорындарда (ұйымдарда) шарт негізінде жұмыс берушілер ұсынатын мамандық бейініне сәйкес келетін жұмыс орындарында өткізіледі және құзіреттерді қалыптастыруға бағытталған.

Дипломдық жұмысты (жобаны) орындауға бөлінген уақыт 6 аптадан аспайды. Мамандықтың күрделілігіне байланысты диплом алдындағы (біліктілік) практиканың ұзақтығы жұмыс оқу жоспарына сәйкес жоспарланады.

Оқыту нәтижелеріне бағдарланған техникалық және кәсіптік білім беру мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес курстық жобалар (жұмыстар) пәнді және/немесе модульді зерделеуге бөлінген оқу уақыты есебінен жүргізіледі.

Курстық жобалар (жұмыстар) жалпы кәсіптік және арнайы пәндер, оның ішінде модульдерге біріктірілген пәндер бойынша оқу жұмысының бір түрі ретінде қарастырылады және оларды оқытуға бөлінген оқу уақыты шегінде орындалады.

Қорытынды: 2020-2021, 2021-2022 оқу жылында ҚР Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №604 бұйрығы және 2022-2023 оқу жылында 03.08.2022 жылғы №348 бұйрығы, № бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің жалпыға міндетті стандартына сәйкес келеді

МЖМБС бойынша колледждің негізгі мамандықтары техникалық және халыққа қызмет көрсету саласы болғандықтан, бейіндер таңдалып, оқу жоспарлары сай жасақталған. Жалпы білім беретін пәндердің мазмұны үлгілік оқу бағдарламаларымен анықталды (ЖБП көшірмесі тіркелді).

Жалпы білім беретін пәндер, оның ішінде модульдерге біріктірілген пәндер бойынша аралық аттестаттау: тіл, әдебиет, Қазақстан тарихы, математика және ТЖКБ ұйымдары тандаған пән бойынша емтихан өткізуді көздейді

ТЖКБ білім беру бағдарламасы толық аяқталған соң қорытынды аттестаттау өткізіледі

Колледжде кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу ҚР Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №604 бұйрығы бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің

жалпыға міндетті стандартының 2 тарау 8 тармағына және кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығына сәйкес жүргізілеіп келеді. Жыл сайын оқу жылының басында кәсіптік практиканың мазмұнын және көлемі, түрі анықталған оқу жұмыс бағдарламалары әзірленеді. ЖОБ колледж басшысымен бекітіледі және жұмыс берушілермен келісіледі

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесі» басшылыққа алына отырып аралық емтихандарға және қорытынды Мемлекеттік аттестацияға консультациялар ұйымдастырылған

Колледжде 2022-2023 оқу жылында оқуға қабылданған барлық мамандықтардың жұмыстық оқу жоспарлары мен модульдік оқу бағдарламалары кредиттік оқыту технологиясы бойынша:

- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығын;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығын;

- «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 15.09.2021 № 469 бұйрығын басшылыққа алып дайындалды

2021-2022 оқу жылында білім беру бағдарламаларын колледж МЖМБС талаптары, қолданыстағы кәсіби стандарттар, WorldSkills кәсіби стандарттары негізінде жұмыс берушілердің қатысуымен дербес әзірленді.

Арнайы оқу жұмыс бағдарламалары. пәндер жұмыс берушілермен келісілген.

2022 - 2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық

бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесі» басшылыққа алына отырып аралық емтихандарға және қорытынды Мемлекеттік аттестацияға консультациялар ұйымдастырылады.

Колледжде 2018-2022 оқу жылдары арасында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар болған жоқ. Осы 2022-2023 оқу жылында, колледжде 3 студент бар.

Білім беру бағдарламалары, сабақ жоспары жеке жасақталынып, психологиялық жұмыстар жүргізілуде. Ғимаратымызда қажетті құрал –жабдықтар (*пандус, шақыру тетігі, жүру жолы, арнайы әжетхана*) жасақталған. Аймақтық психологиялық – медициналық – педагогикалық консультациясының қорытындысын негізге ала отырып, білім беріп, арнай мамандар жұмыстарын жүргізуде. Пән оқытушылары арнайы курстардан өтіп, білімдерін жетілдіруде.

Колледжде үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларының негізінде оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын әзірленіп, іске асырылып келеді:

Қорытынды: Ерекше білім қажет ететін білім алушылар үшін, «Amanat» партиясының сайлауалды бағдарламасының іс-шараларын орындау жөніндегі Жол картасын орындау мақсатында «Өзгерістер жолы: әркімге лайықты өмір!» 2025 жылға дейін ТЖКОБ барлық ұйымдарында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар студенттер үшін тең жағдайлар мен кедергісіз қолжетімділік жасау бойынша көрсеткіштер орындалған

1) міндетті оқытуға бөлінетін жалпы сағаттар санын сақтай отырып, циклдер үшін оқу материалдарын меңгеруге бөлінген оқу уақытының 50%-ына дейін, әр пән және (немесе) модуль бойынша 50%-ға дейін және кәсіптік оқытудың және кәсіптік практиканың 60%-ына дейін (дуальды оқыту кезінде 80%-ға дейін) өзгертілген;

2) оқу бағдарламаларының мазмұнын әр пән, өндірістік оқыту, оның ішінде модульдерге біріктірілген пәндер бойынша 50%-ға дейін (дуальды оқыту кезінде 80%-ға дейін) және кәсіптік модуль бойынша 60%-ға дейін (дуальды оқыту кезінде 80%-ға дейін) өзгертілген;

Оқу пәнін және (немесе) модулін зерделеу мен интеграциялаудың бірізділігі, олардың әрқайсысы бойынша оқу уақытын пәнаралық байланыстарды ескере отырып, курстарға және семестрлерге бөлінген.

Оқыту нәтижелерінің жетістіктерін бағалау әр түрлі бақылау түрлерімен жүргізіледі: үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау.

Бақылау жұмыстары, сынақтар және курстық жобалар

(жұмыстар) оқуға бөлінген оқу уақыты есебінен, емтихандар – аралық немесе қорытынды аттестаттауға бөлінген мерзімде өткізіледі.

ӘАОО-да барлық пәндер бойынша аралық аттестаттау көзделген, оның негізгі түрі емтихан болып табылады.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша аралық аттестаттау: қазақ тілінде оқытатын топтар үшін қазақ тілі, орыс тілі және әдебиеті; орыс тілінде оқытатын топтар үшін орыс тілі, қазақ тілі және әдебиеті; Қазақстан тарихы, математика және тереңдетілген деңгейдегі пән бойынша емтихандар өткізуді көздейді.

Факультативтер дифференциалдық оқыту мен тәрбиелеудің тиімді формасы болып табылады. Факультатив оқу бағдарламасын қайтамайтын анықталған бағдарлама бойынша жұмыс жасайды.

Факультативтік сабақтар үшін пәндік-циклік комиссияның, әдістемелік кеңестің отырыстарында қарастырылатын және кіші педагогикалық кеңесте бекітілетін жұмыс оқу бағдарламалары құрастырылады, сондай-ақ күнтізбелік тақырыптық жоспарлар мен сабақ кестелері жасалады.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша емтихандар "Жалпы білім беретін пәндер" модуліне бөлінген кредиттер/сағаттар есебінен өткізіледі.

Біліктілік емтихандары әрбір біліктілік бойынша практикалық жұмыс немесе демонстрациялық емтихан нысанында колледждің оқу-өндірістік шеберханаларында, зертханаларында өткізіледі.

Оқу жылында қорытынды аттестаттауды эксперимент ретінде WorldSkills халықаралық стандарттарының талаптарына сай демонстрациялық емтихан элементтерін пайдалана отырып өткізу жүйеге енгізілді.

Жаңаөзен политехникалық колледжінде 2021-2022 оқу жылында бітіруші топтың студентері колледж базасында WorldSkills талаптарына сәйкес демонстрациялық емтихан тапсырды.

4 мамандық бойынша 20 студент демонстрациялық емтихан тапсырып, CIS бағалау жүйесі арқылы бағаланып, Skills паспорт берілді. Соның ішінде: 0508000-Тамақтандыру ұйымдастыру, 050801 2-Аспаз-5 студент. 0506000 – Шаштараз өнері және сәндік косметика-5студент, 1211000 – Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу-5студент, 12111201000 –Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану-5 студент.

Оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің критерийлері

Колледж мамандықтары мен біліктіліктер бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған. Міндетті оқытудың Оқу уақытының көлемі

жылына 1440 сағатты құрайды. Оқу жылының ұзақтығы мереке күндерін қосқанда 40 аптадан аспайды деп жоспарлануда. Оқу жылы екі семестрге (жартыжылдық) бөлінеді. Оқу жылы 1 қыркүйектен басталады. Демалыс уақыты жылына 11 аптаны құрайды, оның ішінде қыс мезгілінде – кемінде 2 апт. Педагогтердің оқу жүктемесін жоспарлау педагогтің білім алушылармен байланыс жұмысының уақытын білдіретін кредиттермен немесе академиялық сағаттармен жүзеге асырылған.. Жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу кезінде МЖМБС-ны басшылыққа алыған. Кредиттік оқыту технологиясы кезінде міндетті оқу кредиттерінің саны:

- негізгі орта білім базасында жұмысшы біліктіліктерін игеру үшін 120-180 кредит;

- жалпы орта білім базасында жұмысшы біліктіліктерін игеру үшін 60-120 кредит;

- негізгі орта білім базасында орта буын маманы біліктілігін игеру үшін 180-240 кредит . Кредиттердің осы көлемі шеңберінде 2 жұмыс біліктілігіне дейін игеруге жол берілгені;

2022-2023 оқужылында 07161300-Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану мамандығы бойынша оқу жұмыс бағдарламалары жасақталған. Күндізгі оқыту нысанына көзделген тиісті оқу уақыты көлемінен сырттай оқу нысаны үшін 30 пайыздан төмен емес міндетті оқу сабақтары уақытының көлемі сақталған.

Қорытынды: ҚР Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылы №604 бұйрығы бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің жалпыға міндетті стандартының 3-тарау 21-29 тармақтарына сәйкес.

Ұлттық біліктілік шеңберінің, салалық біліктілік шеңберлерінің және кәсіптік стандарттардың дескрипторларымен айқындалатын білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар;

2021-2022 оқу жылында қабылданған мамандықтардың оқу жұмыс жоспарлары кәсіби стандарттарының еңбек функцияларының (дескрипторлар) дағдыларын қалыптастырып жетілдіруге сәйкес жасақталған. Қазақстан Республикасы Ұлттық "Атамекен" Кәсіпкерлер палатасының Басқарма Төрағасының бұйрығымен бекітілген кәсіптік стандартын негізге алып жасақталған **техникалық білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдерін сақтау критерийі**

Оқу мерзіміне қойылатын талаптар орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын меңгеру мерзімін қамтиды және білім беру

	<p>бағдарламаларының мазмұнымен, оқыту нәтижелерімен және игерілген кредиттердің көлемімен анықталған.</p> <p>Оқу жылы 1 қыркүйектен басталады және мамандықтың ерекшелігіне байланысты оқу процесінің ұйымдастырылуына қарай аяқталады. Каникул уақыты жылына 11 аптаны, оның ішінде әскери мамандықтардан басқа, қысқы мерзімде – кемінде 2 аптаны құрайды.</p> <p>Оқу мерзімі жалпы орта білім базасында 2 жыл 10 ай, Техникалық және кәсіптік білім базасында ұқсас мамандықтар бойынша қабылдау базасына байланысты: орта буын маманы үшін 10 ай, білікті жұмысшы кадрлар үшін 1 жыл 10 ай.</p> <p>Колледжде 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын меңгеру мерзімдерінің сақталған.</p> <p>Қорытынды: Колледжде дайындалатын мамандықтардың жұмыстық оқу жоспарлары МЖМБС бойынша негізгі орта білім базасында білікті жұмысшы біліктілігі үшін 1 жыл 10 айға, орта буын маманы үшін 3 жыл 10 айға, жалпы орта білім базасында орта буын маманы үшін 2 жыл 10 айға дайындалды. Академиялық дербестікті ескере отырып, 01140100 - Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі біліктілігі: 4S01140101 - Бастауыш білім беру мұғалімі, 01120100 - Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту біліктілігі: 4S01120102 - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі; мамандықтырының 2жыл 10 ай мерзімінен 1жыл 10 мерзіміне қысқартылды. (колледжде дайындалатын мамандықтардың оқу мерзімдері қосымша №1 берілді.)</p>
	<p>Оқу-материалдық құндылықтар:</p> <p>Ғимарат туралы мәліметтер (ғимарат түрі, салынған жылы, жобалық қуаты, ағымдағы және күрделі жөндеуге қажеттілік және т.б.).</p> <p>Колледж ғимаратының түрі типтік, салынған жылы 2008 жылы, жобалық қуаты-950 орын., жөндеуді қажет етпейді.</p> <p>Колледжде заманауи МТБ жабдықталған, орталық жылуға қосылған және бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етілген екі қабатты оқу корпусынан тұрады. Ғимараттың жалпы ауданы 7559 ш.м. қ оқу корпусының жобалық сыйымдылығы - 950 орын. Сабақтар талаптарға сәйкес екі ауысымда жүргізіледі. Санитарлық-гигиеналық нормалардың талаптары бойынша бір оқушыға арналған алаң 11,2 ш.м. құрайды, ал оқу аудиторияларының саны мен сапасы нормативке сәйкес келеді. Оқу корпусы келесі</p>

кабинеттерден тұрады: 8 – жалпы білім беретін пәндер бойынша, 14 – жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша, 3 зертхана, 6 шеберхана және кітапхана, спортзал, 100 орындық акт залы, 2 мәжіліс залы, 50 орындық оқу залы бар кітапхана, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес медициналық жабдықтармен жабдықталған медициналық кабинет жұмыс істейді (Мемлекеттік лицензия МЛ №00158DE 22.11.2018 ж.), ауданы 20 ш. м., әскери-техникалық мүлікті сақтау бөлмесі (қару-жарақ бөлмесі) бар. Медициналық кабинет дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету үшін қажетті сертификатталған дәрі-дәрмектермен жабдықталған. МТБ нығайтудың негізгі мақсаты-білім алушылар мен оқытушылар үшін қажетті материалдық және тұрмыстық жағдайлар жасау. Осы мақсатта колледжді дамытудың стратегиялық жоспарында нақты іс-шараларды кезең-кезеңімен ұйымдастыру қарастырылған. Колледждің стратегиялық даму жоспарына сәйкес материалдық - техникалық база өзгеріп, дамып келеді. Негізгі оқу ғимаратына жыл сайын ағымды жөндеу жүргізіледі.

Колледж қызметкерлері мен студенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында колледж территориясында (ғимараттың ішінде және территория периметрі бойынша) тұрақты тәулік бойы қызмет атқаратын видеобақылау жүргізілген, 39 аналогты, 19 цифрлық видеокамера орнатылған, оның 10-периметр бойында, 36-ғимараттың ішінде, видеожазу тәулік бойы (24/7) жүргізіледі, камераларға күндіз - түн режимінде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін инфрақызыл жарықтандырғыш Ғимарат «ЖШС«Күзет қорған» күзет агенствосының қарауында, дабыл кнопкасы осы Жаңаөзен қаласының ішкі істер мекемесінің күзет бөлімінің пультіне қосылған, төтенше жағдайларда 5 минуттың ішінде қаруланған

Колледжде мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған қажетті құрал –жабдықтар (2-пандус, 4-шақыру тетігі, жүру жолы, арнайы әжетхана) жабдықталған,

Қорытынды; . Өндірістік оқу кабинеттері дайындалып жатырған мамандықтар бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы №97 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкестендіру жұмыстары жүргізіліп, жетіспейтін қондырғылар мен жабдықтар және бөлме жиһаздарына сұраныс беріліп, әр оқу жылы сайын жабдықталады.

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

Біліктілік даярланатын мамандық бойынша оқудың толық кезеңіне білім алушылардың контингентіне, оның ішінде оқыту тілдеріне қатысты жұмыс оқу жоспарына сәйкес оқу және ғылыми әдебиеттердің кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер.

Жаңаөзен политехникалы қолледж кітапханасы-колледж білім алушыларына, оқытушыларға олардың ақпараттық сұраныстарына толық, әрі жедел кітапханалық және ақпараттық қызмет көрсетеді. Колледж кітапхана қорында оқулықтар, көркем әдебиеттер, мамандық бойынша арнаулы пәндер, электронды оқулықтар жинақталған. Қазіргі таңда кітапхана қорында 35891-ке жуық кітап қоры бар. Кітапхана қоры кітапханалық библиографиялық жіктеудің негізгі бөліністері тәртібімен орналасқан. Колледж кітапханасында ақпараттандыру үрдісі дамып келе жатқандықтан электронды каталогтың қажеттілігі күн санап артып келеді. Кітапхананы пайдаланушыларға біліммен қатар өз бетінше ізденуге, білім аясын кеңейтуге толық жағдай жасалған. Бүгінгі таңда колледж кітапханасы 12 компьютермен, көшірме, сканермен қамтамасыз етілген. Барлық компьютерлер интернет желісіне қосылған. Оқырмандар өз бетінше ізденіп, қажетті материалдарды ыңғайлы әрі тез таба алу мүмкіндігіне ие. Электронды каталог – ақпарат іздеудегі басты құрал.

Оқытушылар және білім алушылар Bilimland; НАО Талап сайтының электронды оқулықтарын қолданады.

Колледжде «Оқитын колледж» жобасы іске асырылған. Бұл жоба студенттердің оқу мәдениетін дамыту және қолдау, тарихи-мәдени және рухани мұраны сақтау, ана тіліне ұқыпты қарауды дамытуға бағытталған. Ұлттық әдебиетке оқырмандардың қызығушылығын арттыру және қолдау; оқуға қатысы бар мемлекет және қоғам қайраткерлерін, ғалымдарды, басқа да мамандарды тарту; әлеуетті оқырмандарды тарту; баспа ұйымының қазақстандық авторлардың кітаптарын басып шығаруға қызығушылығын арттыру; Қазақстандық авторларды әлемдік әдеби процеске интеграциялау.

Компьютерлік сыныптардың жабдықталуы, интернет желісіне қосылған компьютерлер туралы мәліметтер.

Компьютерлік сыныптарында 100 Мб/сек дейінгі өткізу қабілеті бар жергілікті интернет желісіне қосылған. Компьютер 4 кабинет, 80 ноутбукпен жабдықталған, Сонымен қатар, колледждің 9 Wi-Fi сымсыз байланыс нүктелері бар.

Қорытынды: ҚР білім және ғылым министрінің Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі 17.06.2015 жылғы №391 бұйрығына

	сәйкес.
	<p>Оқушылардың білімін бағалау Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесі» басшылыққа алынады. Оқыту нәтижелерінің жетістіктерін бағалау үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау түрінде жүргізіледі. Бұйрыққа сәйкес ағымдағы, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттауға арналған кесте жасақталып бекітіледі. Оқу жоспарларының оқу үдерісінің кестесіне сәйкес базалық және кәсіптік құзіреттіліктермен айқындалатын білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттау бойынша біліктілік хаттамалары ұсынылған. Бітірушілерді қорытынды мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағалары және мемлекеттік аттестаттау кестесі Маңғыстау облыстық білім басқармасының 01.02.2021 жылғы №15нқ бұйрығы негізінде бекітілді және талапқа сай өткізілді. Қорытынды колледждің 01.07.2021 жылғы №4 педагогикалық кеңесінде қаралып талқыланды.</p> <p>Қорытынды: ҚР Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №604 бұйрығы бойынша техниклық және кәсіптік білім берудің жалпыға міндетті стандартының 4 тарау 21 тармағына сәйкес.</p>
	Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары
	<p>Қорытынды: Жаңаөзен политехникалық колледжі» мекемесі төмендегі мамандықтары білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.</p> <p>Ұсыныстыр:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мамандықтар бойынша оқытушылардың әзірлеуімен оқу-әдістемелік құралдарды арттыру; 2. Жалпы құжаттарды ресімдеуге қатысты қойылатын талаптардың нормативтік құжаттардың сақталуы; 3. Біліктілік емтиханының нысаны ретінде WorldSkills талаптары бойынша демонстрациялық емтиханды ұйымдастыру және өткізу

Қомыша 15.

[УМЕНЬШИТЬ (CTRL+MINUS)]

Приложение 15 к Методическим рекомендациям

№	Фамилия, имя, отчество (для выпускников)	Дата рождения	Специальность (наименование образовательной организации)	Сведения об образовании (наименование образовательной организации, вид образования, квалификация выпускника, год окончания)	Вид и уровень образования (диплом)	Датум выпуска (год, месяц, день)	Специализация (наименование специальности, квалификация выпускника)	Дата окончания (год, месяц, день)	Место прохождения курсов повышения квалификации	Дата окончания повышения квалификации и вид ее проведения	Место прохождения повышения квалификации	Сведения об окончании (наименование образовательной организации)
1	Алибаева Тамара Аманжолевна	26.01.1962	КДПТК	Ташкентский институт телевидения и радиовещания	Выпуск	1983	Выпуск	1983		2011	«Повышение квалификации преподавателей педагогического образования»	Ташкентский институт телевидения и радиовещания
2	Ташкентова Гулнора Каримовна	26.12.1968	КДПТК	Медицинский институт	Выпуск	1990	Выпуск	1990		2012	Специализация	0
3	Алибаева Гулнора Каримовна	26.01.1962	КДПТК	АктМУ	Выпуск	1989	Выпуск	1989		2012	«Повышение квалификации преподавателей педагогического образования»	0
4	Бекмурзаева Жанар Джамаловна	06.02.1974	КДПТК	АктМУ	Выпуск	1991	Выпуск	1991		2012	«Повышение квалификации преподавателей педагогического образования»	0
5	Алибаева Гулнора Каримовна	1962	КДПТК	Ташкентский институт телевидения и радиовещания	Выпуск	1983	Выпуск	1983		2012	«Повышение квалификации преподавателей педагогического образования»	0
